

**ҚАЗАҚСТАН ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ
БИОБИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ К БИОБИБЛИОГРАФИИ
УЧЕНЫХ КАЗАХСТАНА**

**MATERIALS FOR BIOBIBLIOGRAPHIES OF
KAZAKHSTAN SCIENTISTS**

АЛМАТЫ, 2018

Бас редактор

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры,
профессор **Т.О.Балықбаев**

Жауапты редактор

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор **Р.Ә.Шаханова**

Құрастырушылар:

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор **Р.Ә.Шаханова**

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор **Ж.Қ. Балтабаева**

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор **Ж.Н.Сүлейменова**

Нұржамал Оралбай: Биобиблиография. Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиясына материалдар. /Құрастырған.:Р.Шаханова, Ж.Балтабаева, Ж.Н.Сүлейменова. - Алматы Абай атындағы ҚазҰПУ, «Ұлағат» баспасы. 2018.-75 б.

©Оралбай Н., 2018

© Абай атындағы ҚазҰПУ

Главный редактор

Ректор Казахского национального педагогического университета профессор

Т.О.Балыкбаев

Ответственный редактор

Доктор педагогических наук, профессор

Шаханова Р.А.

Составители:

Доктор педагогических наук, профессор **Шаханова Р.А.**

Доктор педагогических наук, профессор **Балтабаева Ж.К.**

Доктор педагогических наук, профессор **Сулейменова Ж.Н.**

Нұржамал Оралбай: Биобиблиография. Материалы к биобиблиографии ученых Казахстана. / Сост.: Шаханова Р., Балтабаева Ж., Сулейменова Ж.Н. -Алматы: КазНПУ им. Абая, 2018. -75 стр.

© Оралбай Н., 2018

© КазНПУ им. Абая

Editor – in-chief

Rector of Abai Kazakh National Pedagogical University

professor T.O. Balykbayev

Managing editor

Doctor of Pedagogical Science, professor **R.A. Shahanova**

Compiled by:

Doctor of pedagogical science, professor **R. A. Shahanova**

Doctor of pedagogical science, professor **Zh. K. Baltabaeva**

Doctor of pedagogical science, professor **Zh. Suleimenova**

Nurzhamal Oralbay: Biobibliographies for Kazakhstan scientists| Compiled by: R.A. Shahanova, Zh.K. Baltabaeva, Zh.N. Suleimenova. – Almaty: Abai KazNPU, 2018. -75 p.

© Oralbay N., 2018

©Abai KazNPU



**ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ
ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР НҰРЖАМАЛ ОРАЛБАЙ**

ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА

Қазақстан ғалымдарының биобиблиография сериясының жалғасы ретінде ұсынылып отырған мәліметтер филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің құрметті қайраткері, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі Нұржамал Оралбайға арналған.

Биобиблиографияға ғалымның өмірі мен шығармашылық және ғалым мамандар дайындаудағы еңбегін сипаттайтын мәліметтер, оның өз еңбектері және ғалым туралы жазылған әдебиеттер енгізілді.

Көрсеткіш материалдары хронологиялық тәртіппен орналасқан, әр жылдың көлемінде әліпби ретімен беріліп отыр.

Еңбектерінің әліпбилік және бірлесіп жазған есімдер көрсеткіштегі жұмыстардың рет тәртібімен берілген.

ВНИМАНИЮ ЧИТАТЕЛЕЙ

Данное издание является продолжением биобиблиографической серии деятелей науки Казахстана и посвящается доктору филологических наук, профессору, заслуженному деятелю науки Республики Казахстан, Почетному работнику образования РК, академику Академии педагогических наук Казахстана Нуржамал Оралбай.

Биобиблиографический справочник включает биографию, библиографию трудов ученого, информацию и анализ трудов ученого в подготовке педагогических кадров.

Справочные материалы представлены строго в хронологическом порядке, временном и алфавитном, в соответствии с годами и по алфавиту, где указаны библиография трудов ученого-исследователя, а также выполненные в соавторстве работы.

TO THE READERS' ATTENTION

This publication is a continuation of the biobibliographic series of Kazakhstan scientists and it is dedicated to Nurzhamal Oralbay, Doctor of Philology, Professor, Honored Worker of Science of the Republic of Kazakhstan, Honorary Education Worker of RK, Academician of the Academy of Pedagogical Sciences of Kazakhstan.

The biobibliographical reference includes a biography, a bibliography of the scientist's works, information and analysis of the scientist's works in the preparation of pedagogical staff.

Reference materials are presented strictly in chronological order in accordance with the years and in alphabetical order where the bibliography of the researcher's works are indicated, as well as the works performed in co-authorship.

ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР НҮРЖАМАЛ ОРАЛБАЙДЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ БАСТЫ КЕЗЕҢДЕРІ

1936-1944 жж. - Павлодар қаласындағы №10 Майқайың орта мектебінің оқушысы.

1944-1945 жж. -Қыздар педагогикалық институтының дайындық курсының тыңдаушысы.

1945-1947 жж. - Қыздар педагогикалық институтының студенті.

1947-1949 жж. - Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының студенті.

1949-1952 жж. - Қазақ ССП ҒА Тіл және әдебиет институтының аспиранты.

1949-1950 жж.- Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының оқытушысы.

1952-1975 жж. - Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының оқытушысы, аға оқытушысы, доценті, профессор.

1956 ж. - «Қазан төңкерісінен кейінгі кезеңдегі қазақ жазуының тарихы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Филология ғылымдарының кандидатты ғылыми дәрежесі берілді.

1960 ж.- Қазақ ССР Жоғары Советінің грамотасымен марапатталған.

1962 ж.- Қазақ тілі кафедрасы бойынша доцент ғылыми атағы берілді,

1968 ж.- «Қазақ ССР халық ағарту ісінің үздігі» белгісімен марапатталған.

1971 ж.- «Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық формалары» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады.

1972 ж.- Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесі берілді.

1973 ж.- Қазақ тілі кафедрасының профессор ғылыми атағы берілді.

1973-1974 жж.- Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының жанындағы докторлық диссертация қорғайын кеңестің мүшесі қызметін атқарды.

1975-1989 жж.- А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтындағы Түркі тілдері мамандығынан докторлық диссертация қорғайын кеңестің мүшесі болды және (1980-1985 жж.) осы кеңестің ғалым хатшысы қызметін атқарды.

1975-1989 жж.- Қазақ ССР Ғалым академиясының Тіл білімі институтында аға, жетекші, бас ғылыми қызметкер қызметтерін атқарған.

1976 ж.- Алматыда өткен Бүкілодақтық II түркологиялық конференцияда баяндама жасады.

1979 ж.- Қ.Жұбановтың 80 жылдығына арналған ғылыми конференцияда «Ғалымның мол мұрасы» тақырыбында баяндама жасады.

1980 ж.- Ташкентте өткен Бүкілодақтық III түркологиялық конференцияда баяндама жасады.

1984 ж.- Қазанда өткен Бүкілодақтық IV түркологиялық конференцияда баяндама жасады.

1985 ж.- «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды.

1989 ж. - «Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері» құрметті атағы берілді.

1989-1997 жж. - Абай атындағы Алматы мемлекеттік педагогикалық университетінің қазіргі қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі.

1990-1991 жж. - Абай атындағы мемлекеттік университетінің проректоры қызметін атқарды.

1992-1994 жж. - Түркия Республикасының Анкара университетінде профессор қызметін атқарып, дәріс оқыды.

1990-1993 жж. - Тілдерді оқыту әдістемесі бойынша кандидаттық диссертация қорғайтын кеңестің төрайымы.

1990-1998 жж. - Қазақ және орыс тілі мамандығы бойынша докторлық диссертация қорғайтын кеңестің төрайымы.

1998 ж. - Астана қаласында өткен А. Байтұрсынұлының 125 – жылдығына арналған республикалық конференцияда «Байтұрсынұлының әліппесінің әдістемелік негізі» тақырыбында баяндама жасады.

1998-2000 жж. - Абай атындағы Алматы мемлекеттік педагогикалық университетінің қазіргі қазақ тілі кафедрасының профессоры.

1999 ж. - Қ.Жұбановтың 100 жылдығына арналған Абай атындағы мемлекеттік университетінде өткен конференцияда «Жұбанов және қазақ тіл білімі» тақырыбында баяндама жасады.

1999 ж. - Қ.Жұбановтың 100 жылдығына арналған Ақтөбе қаласындағы Қ. Жұбанов атындағы университетте өткен ғылыми конференцияда «Қ.Жұбанов- қазақ совет тіл білімінің негізін қалаушы» тақырыбына баяндама жасады.

2001-2003 жж. - Қайнар университетінің Еуропа және шығыс тілдері орталығының меңгерушісі қызметін атқарды.

2003 ж. - «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері» атағымен марапатталды.

2005 ж.- Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының құрметті академигі атағы берілді.

2003-2012 жж. - Қайнар университетінің қазақ тілін кафедрасының профессоры қызметін атқарды.

2012-2015 жж. – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің филологиялық мамандықтар және қазақ тілі мен әдістемесі кафедраларында магистранттарға ғылыми жетекшілік жүргізді.

**ОСНОВНЫЕ ВЕХИ БИОГРАФИИ, ТРУДОВОЙ И НАУЧНОЙ
ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ДОКТОРА ФИЛОЛОГИЧЕСКИХ НАУК,
ПРОФЕССОРА НУРЖАМАЛ ОРАЛБАЙ**

1936-1944 гг. – Ученица Майкайской средней школы №10 г. Павлодара.

1944-1945 гг. – Слушательница подготовительных курсов Казахского женского педагогического института.

1945-1947 гг. – Студентка ЖенПИ.

1947-1949 гг. – Студентка КазПИ им. Абая.

1949-1952 гг. – Аспирант Института языка и литературы Казахской академии наук.

1949-1950 гг. – Преподаватель Казахского педагогического института имени Абая.

1952-1975 гг. – Преподаватель, старший преподаватель, доцент, профессор Казахского педагогического института им. Абая.

1956 г. – Защитила диссертацию на тему: «История казахской письменности в период после Октябрьской революции» на присвоение ученой степени кандидата филологических наук.

1960 г. – Награждена Грамотой Верховного Совета Казахской ССР.

1962 г. – Присвоено ученое звание доцента кафедры казахского языка.

1968 г. – Награждена медалью «Отличник народного образования».

1971 г. – Защитила докторскую диссертацию на тему: «Аналитические форманты глаголов казахского языка».

1972 г. – Присвоена ученая степень доктора филологических наук.

1973 г. – Присвоено ученое звание профессора кафедры казахского языка.

1973-1974 гг. – Член диссовета по защите докторских диссертаций при Казахском педагогическом институте им. Абая.

1975-1989 гг. – Член диссовета по защите докторских диссертаций по тюркологии института языкознания им. А.Байтурсынова, с 1980-1985 гг. – научный секретарь совета по защите докторских диссертаций в указанном институте.

1975-1989 гг. – Старший, ведущий, главный сотрудник Института языкознания Академии наук КазССР.

1976 г. – Докладчик на II Всесоюзной конференции тюркологов, проходившей в Алматы.

1979 г. – Докладчик научной конференции на тему: «Огромное, великое наследие науки», посвященное 80-летию К.Жубанова.

1980 г. – Выступила с докладом на III Всесоюзной научной конференции по тюркологии в Ташкенте.

1984 г. – Выступила с докладом на 4 Всесоюзной научной конференции по тюркологии в г. Казань.

1985 г. – Награждена медалью «Ветеран труда»

1989 г. – Присвоено почетное звание «Заслуженный деятель науки КазССР».

1989-1997 гг. – Заведующая кафедрой современного казахского языка Алматинского государственного педагогического университета им. Абая.

1990-1991 гг. – Проректор Алматинского государственного педагогического университета имени Абая.

1992-1994 гг. – Профессор, читала лекции в университете Анкары, Турция.

1990-1993 гг. - Председатель диссовета по защите кандидатских диссертаций в области методики обучения языкам.

1990-1998 гг. - Председатель диссовета по защите докторских диссертаций по специальностям: казахский и русский языки.

1998 г.- Докладчик на Республиканской научной конференции, посвященной 125-летию А.Байтурсынова. Тема доклада «Методические основы букваря А.Байтурсынова».

1998-2000 гг. - Профессор кафедры современного казахского языка АГУ имени Абая.

1999 г.–Выступила с докладом на Республиканской научной конференции, посвященной 100-летию К.Жубанова в АГУ им. Абая на тему: «К.Жубанов и научные аспекты казахского языка».

1999 г. - Выступила с докладом на тему: «К.Жубанов– основоположник научного казахского языка в советское период». Республиканская научная конференция, посвященная 100-летию К.Жубанова в г. Актобе.

2001-2003 гг. - Заведующая Центром восточных и европейских языков в университете «Кайнар».

2003 г. – Профессор кафедры казахского языка университета «Кайнар».

2003 г. – Присуждено звание «Почетный работник образования Республики Казахстан».

2005 г. – Присвоено почетное звание академика Академии педагогических наук Казахстана.

2003-2012 жж. – Профессор университета «Кайнар».

2012-2015 гг. – Научный руководитель магистерских диссертаций по кафедрам филологических специальностей и кафедры теории и методики казахского языка.

BASIC DATES OF DOCTOR OF PHILOLOGY, PROFESSOR NURZHAMAL ORALBAY'S LIFE AND HER SCIENTIFIC – EDUCATIONAL ACTIVITY

1936-1944 – Pupil of Maikaing secondary school №10 in Pavlodar.

1944-1945 – Student of Preparatory Department of Women Pedagogical Institute.

1945-1947 - Student of Women Pedagogical Institute.

1947-1949 - Student of Kazakh Pedagogical Institute named after Abai.

1949-1952 – Post – graduate student of Language and literature Institute of Kazakh SSR Academy.

1949-1950 – Teacher of Kazakh Pedagogical Institute named after Abai.

1952-1975 – Teacher, senior teacher, associated professor, professor of Kazakh Pedagogical Institute named after Abai.

1956 – Defended the thesis on the topic: "The history of Kazakh writing in the period after the October Revolution" for conferring the academic degree of Candidate of Philological Science.

1960 – Rewarded with honorary diploma of Supreme Soviet of Kazakh SSR.

1962 – Associated professor of the Kazakh language Department.

1968 – Rewarded with the medal of “Distinguished national worker of education of Kazakh SSR”.

1971 – Defended of the thesis on the theme “Analitical forms of verbs in Kazakh language”.

1972 – Doctor of Philology.

1973 – Professor of the Kazakh language Department.

1973-1974 – Member of Dissertation Council at the Kazakh Pedagogical Institute named after Abai.

1975-1989 - Member of dissertation council of Institute of Linguistics named after A.Baytursynuly on Turkic languages speciality and worked as a scientific secretary (1980-1985).

1975-1989 – Senior, leader, principal scientific worker of Academy of Science of Kazakh SSR, Institute of Linguistics.

1976– Made a report at the Second All-Union Conference of Turkologists, held in Almaty.

1979 - Made a report for Scientific Conference devoted to K.Zhubanov's the 80th anniversary of "Rich heritage of scientist".

1980 - Made a report at the Third All-Union Scientific Conference on Turkic Studies in Tashkent.

1984 - Made a report at the 4th All-Union Scientific Conference on Turkic Studies in Kazan.

1985 – Rewarded by a medal "Veteran worker".

1989 – Conferred a title "Honoured worker of Kazakh SSR Science".

1989-1997 – Chief of the department of "Modern Kazakh language", Almaty State Pedagogical University named after Abai.

1990-1991 – Vice – rector of Almaty State Pedagogical University named after Abai.

1992-1994 – Professor, the lecturer of Ankara University, Turkey.

1990-1993 – Chairman of the Council for defending of Candidate theses in the field of methods of language teaching.

1990-1998 - Chairman of the Council for defending Doctoral dissertations on specialties: the Kazakh and Russian languages.

1998 – Made a report at the Republican scientific conference dedicated to the 125th anniversary of A. Baytursynov. The theme of the report is "Methodical foundations of A.Baitursynov's alphabet".

1998-2000 – Professor of the Modern Kazakh language Department, Almaty State Pedagogical University named after Abai.

1999 - Made a report for the Conference devoted to K.Zhubanov's 100 anniversary "K.Zhubanov and Kazakh Linguistics" in Almaty State Pedagogical University named after Abai.

1999 - Made a report on the topic: "K. Zhubanov is the founder of the Scientific Kazakh language in the Soviet period". Republican Scientific Conference dedicated to the 100th anniversary of K.Zhubanov in Aktobe.

2001-2003 – Head of the Center for Eastern and European Languages of Kainar University.

2003– Professor of the Kazakh language Department of Kainar University.

2003 – Awarded the title of "Honored Worker of Education of the Republic of Kazakhstan".

2005 – Conferred the honorary title of the Academician of the Academy of Pedagogical Sciences of Kazakhstan.

2003-2012 – Professor of Kainar University.

2012-2015 – The scientific supervisor of master's theses of the Departments on Philological specialties, and at the Departments of Theory and Methodology of the Kazakh language.

ПРОФЕССОР НҰРЖАМАЛ ОРАЛБАЙДЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША МӘЛІМЕТ

Профессор Н.Оралбай 1928 жылы мамыр айының 15 күні Павлодар облысы, Баянауыл аулында Оралбай Қошығұлұлының отбасында дүниеге келді. Павлодар қаласы мен Майқайың селосында мектепте оқыды. 1944 жылы Қыздар педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті факультетіне қабылданды. Институттың II курсын бітірген соң, III курста Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтына ауысып, оны 1949 жылы үздік бітіріп, аспирантураға қабылданды.

1956 жылы профессор Сәрсен Аманжоловтың ғылыми жетекшілігімен «Қазақ жазуының Қазан төңкерісінен кейінгі тарихы» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады, 1962 жылы доцент атағы берілді.

1952 жылдан 1975 жылға дейін Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтында оқытушы, аға оқытушы, доцент, профессор қызметтерін атқарды.

1971 жылы «Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттары» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғап, 1972 жылы филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесі, ал 1973 жылы тіл білімі бойынша профессор ғылыми атағы берілді.

1975 жылы Ғылым Академиясы Тіл білімі институтының шақыруы бойынша қызметке ауысып, онда 1989 жылға дейін аға ғылыми қызметкер, жетекші, бас ғылыми қызметкер болып қызмет атқарды.

1989 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық университетінің қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі қызметіне шақырылып, ол қызметті 1997 жылға дейін атқарды. 1990-1991 жылдары осы университеттің проректоры қызметін атқарды.

Профессор Н.Оралбай Түркия Республикасының Анкара университетінде 1992-1994 жылдары түркі тілдері, оның ішінде қазақ тілінің грамматикалық құрылысы жайында дәріс оқыды.

Профессор Н. Оралбайдың ғылыми шығармашылығының ауқымы кең, әр алуан салаларға тармақталған. Ол қазақ тіл білімінің әртүрлі саласын зерттеумен бірге, қазақ тілін оқыту әдістемесін де зерттеп, елеулі табыстарға қол жеткізген.

Нұржамал Оралбай қазақ тіл білімінің жазу тарихы, графика, орфография мәселелерімен, қазақ тілінің морфология және сөзжасам салаларын зерттеумен шұғылданған. Ғалым қазақ тіл білімінің теориялық мәселелерімен

катар оқыту, әдістеме мәселелерімен де айналысып отырған. Әдетте, ғалымдарымыз ғылымның бір саласымен ғана шұғылданса, профессор Н.Оралбай қазақ тіл білімі ғылымының әртүрлі саласында еңбек еткен әмбебап ғалым ретінде танылған.

Ғалымның 200-дей еңбегі-ғылыми мақалалары, монографиялары, оқулықтары, оқу құралдары, пән бағдарламалары еліміздің ірі баспаларында басылған. Оның еңбектері тек ірі басылымдарда ғана емес, сонымен қатар, бұрынғы Кеңес Одағы көлеміндегі «Советская тюркология» журналында, Новосибирскіде, Ташкентте, Қазанда, Түркияда жарық көрген.

Ғалым Республикамызда өткізілген республикалық, халықаралық конференцияларда үнемі ғылыми баяндамалар жасап отырған. Сонымен бірге Түркия Республикасының Анкара, Кипр, Анталия қалаларында өткізілген конференция, симпозиум, құрылтайларда түркі тілдерінің өзекті мәселелеріне арналған баяндамалар жасаған.

Профессор Нұржамал Оралбай қазақ тілінің морфология саласын зерттеуде ірі-ірі ғылыми табыстарға жетіп, морфология теориясын ғылыми жаңалықтармен байытып отырған. Бір кездері ғылымда сөздің аналитикалық формасы үндіеуропалық тілдеріне ғана қатысты саналып, түркі туыстас тілдерге қатысы жоқ деген теория орын алып келген болатын. Осындай жағдайда Н. Оралбай қазақ тілінде сөздің аналитикалық формасы барын дәлелдеп, қазақ тіл біліміне үлкен жаңалық енгізді. Бұл теория ғылымда танылып, морфология оқулықтарына еніп, сөздің аналитикалық формасы теориясы С. Маралбаева, А.Шариппиденова, Қ.Мамаділов, Қ.Мұхамеди, Қ.Бибекөв, К.Қарымбаева сынды ғалымдардың еңбектерінде зерттеліп, әрі қарай дамытыла түсті. Бұл-ғалым ашқан ғылыми жаңалықтың маңыздылығына, ғылымдағы өзіндік орнына, қазақ тіл біліміне қосылған үлкен үлес екеніне толық дәлел.

Н. Оралбай қазақ тілін орыс тілі заңдылықтары тұрғысынан зерттеу нәтижесінде қазақ тіл біліміне «вид» категориясы теориясын енгізуге тырысқан жалған ағымнан арылтты. Осы реттегі зерттеу нәтижесінде қазақ тілінде «қимылдың өту сипаты» категориясы барын дәлелдеп, оның мағыналық құрамын, категориялық мағыналарының берілу жолдарын көрсетіп, көрсеткіштерін анықтады. Ғалымның осы мәселедегі зерттеуі морфологияның бұрын белгісіз жаңа грамматикалық категорияны ғылымға қосып, ол морфология оқулықтарынан (1974-2002 жж.) орын алып, әбден танылды. Бұл ғалымның осы мәселедегі еңбектерінің, ғылымға қосқан үлесінің зор маңызының айғағы деп бағалау керек.

Н. Оралбайдың ғылымға қосқан ірі жаңалықтарының бірі-нөлдік морфема мен нөлдік форма мәселесі.

Бұл ғалымдағы жаңа идеяны Н.Оралбай алғаш 1975 жылы Бүкілодақтық тюркологиялық конференцияда баяндама жасап, бүкіл түркологтардың алдына қойып, олар бұл теорияны қостаған болатын.

1986 жылы «Қазақ тілінің морфемалар жүйесі» атты монографияда «Нөлдік морфемалар мен нөлдік форма» мәселесіне еңбектің бір тарауы арналған. Бұл тарауда нөлдік морфема мен нөлдік форманың қазақ тілінің грамматикалық құрылысынан алатын орны жан-жақты дәлелденген. Бұл жаңа теорияны ғалымның шәкірті Ж.Балтабаева ілік, табыс септіктерінің нөлдік формасын зерттеген еңбегінде дамытқан. Ғалымның шәкірті А.Омар (Қабдыл) қазақ тіліндегі нөлдік морфеманың құрылымдық грамматикада виртуалдық бірлік ретінде қолданылатын және сөзжасам жүйесінде номинативтік бірлік ретінде қызмет атқаратындығын, туынды сөз жасаудағы қызметін дәлелдеді. Бұл мәселе бұрын сөз болмаған еді. Демек ғалымның шәкірттері ғылыми жаңа идеяны дамытқан. Н.Оралбайдың ғылымға қосқан бұл жаңалығы 2002 жылы шыққан «Қазақ тілі грамматикасында» сөздің нөлдік формасы түрінде орын алды. 2007 жылғы шыққан оқулықта және 2017 жаңартылып шыққан «Қазақ тілі морфологиясы» оқу құралында морфеманың бір түрі ретінде беріліп, грамматикалық категориялардағы алатын орны көрсетілді.

Профессор Н.Оралбайдың өте маңызды ғылыми табыстары, жетістіктері сөзжасам мәселесімен байланысты. Сөзжасам грамматиканың морфология саласында қаралып, онда әр сөз табының сөзжасамы қысқаша қамтылып келгені белгілі жағдай. Ал сөзжасамның тіл білімінің дербес саласы екені «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» деген 1989 жылғы монографияда жан-жақты ғылыми негізде дәлелденді. 1990 жылдан бастап сөзжасам қазақ тілі мамандарын дайындайтын барлық жоғары оқу орындарында жеке пән ретінде оқу жоспарына кіріп, оқытыла бастады. Бұл- қазақ тілі сөзжасамының дербес сала ретінде танылғанына дәлел. Ол осы мәселені ғылыми тұрғыда дәлелдеген Н.Оралбайдың ғылыми идеясының танылғандығын білдіреді.

Аталған монографияның «Сөзжасамның жалпы мәселелері» деген 100 беттен тұратын бөлімінде сөзжасамның өзіндік тілдік бірліктері, өзіндік сөзжасамдық тәсілдері, қалыптасу жолы, ішкі заңдылықтары бары тілдің жеке саласы болуға лайықты екендігін дәлелдеген.

Монографияның осы бөлімінде сөзжасамның бірсыпыра жаңа мәселелері көтеріліп, ғылыми айналымға қосылған. Олар: сөзжасамдық талдау, туынды сөздердің түрлері, сөзжасамның негізділігі (уәждемелік), сөзжасамдық ұя, сөзжасамдық тізбек, сөзжасамдық тип, сөзжасамдық мағына, сөзжасамдық үлгі, сөзжасам тәсілдері жаңаша қарастырылған. Монографиядағы осы жаңа мәселелердің авторы, профессор Н.Оралбай екенін ерекше атау керек.

Монографияда автор дәлелдеген мәселелер ғылымда танылып, одан ары дамытылып жүргендігіне мынадай дәлелдер келтіруге болады: 1) ғалым көтерген жаңа ғылыми мәселелер жоғары оқу орындарына арналған «Қазақ

тілі сөзжасамы» (2002) оқулығына енді; 2) «Қазақ грамматикасы» деген үлкен еңбектен Н.Оралбайдың сөзжасам мәселелері туралы ғылыми идеялары қомақты орын алды; 3) ғалымның сөзжасам мәселесіндегі ғылыми жаңа идеялары ғылыми еңбектерінде дамытылды. Бұл әрбір ғалым арман еткен жағдай екенін ерекше атаған дұрыс. Ғалымның тағы бір ғылыми идеясы күрделі сөздерге байланысты. Н.Оралбайқызы күрделі сөздердің толық лексикалық мағыналы екі я одан да көп сөздерден жасалатынын ғылыми тұрғыда дәлелдеп берді. Ғалым еңбегінде негізгі сөз бен көмекші сөздің тіркесі күрделі сөз жасайды деген теориясының қателігін дәлелдейді.

Осы аталғандары қорыта келгенде, Н.Оралбай қазақ тілінің сөзжасам саласының жаңаша ғылыми негізін қалаушы болды деп толық айта аламыз.

Профессор Н.Оралбайдың ғылыми шығармашылық еңбектерінен кесек орын алатын мәселе – қазақ тілін оқыту әдістемесі. Қазақ тілін оқыту әдістемесі мәселесі алғашқы кезеңде дұрыс дами бастаған мәселе болғанымен, 1974 жылдан 1991 жылға дейін тоқырауға ұшырады. Оның үстіне қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі ұлы мәртебеге ие болуы қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне оқыту мәселесін жандандырды. Мемлекеттік маңызды мәселелер қатарына қосты. Ғалым осы маңызды мәселені жақсартуға барынша ат салысты. 1987 жылдардан бастап екі бағдарлама, 1989 жылы жаңа типтегі оқулық шығарған болатын. 1996 жылы «Орыс тілі мектептерінде қазақ тілін оқыту әдістемесі» оқулық шығарды. Мұндай оқулық бұрын жоқ еді. Орыс тілді мектептерде қазақ тілінен сабақ беретін мұғалімдер дайындау Республикамызда 1990 жылдардан басталған болатын. Оқулық осы мамандарды дайындайтын жоғары оқу орындары мен оқытушыларына арналған. Оқулықта өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізгі мәселелері қамтылды, осы типтегі мамандарды дайындау ісінде ол үлкен қызмет атқарды. Сондай-ақ ғалым әдістеме ілімі мәселелері бойынша талай ғылыми мақалалар жазды.

1974 жылы арнайы кеңестер құрылған кезде тілді оқыту әдістемесі ілімінен мамандардың болмауына байланысты ғылымның бұл саласынан диссертация қорғайтын кеңес республикада ашылмады. Ол осы ғылым саласының мамандарының дайындалмауына, ғылымның бұл саласының дамымауына әкеп соқтырды. Осы жағдайды жақсы түсінген профессор Н.Оралбайқызы 1991 жылы Қазақстан халықтарының тілдерін оқыту әдістемесі бойынша диссертация қорғайтын кеңес ашып, оның төрайымы болды. Кейін ол кеңес докторлық диссертация қорғайтын кеңеске айналып, әдістеме ілімінен бірнеше кандидаттар және докторлар дайындалды. Ол мамандар тоқырауға ұшыраған осы ғылымды жандандырды, дамытты.

Сол сияқты Н.Оралбай 1990 жылы түркі тілдері теориясынан кейін қазақ тілі мен орыс тілі теориясы бойынша докторлық диссертация қорғайтын кеңес ашып, 1998 жылға дейін оның төрайымы қызметін атқарды.

Ғалымның бұл жұмысы республикамызға ғалым мамандар дайындау ісіне қомақты, ерекше үлес қосты. Осы кеңестер арқылы жалпы дайындалған докторлар мен кандидаттарды атамағанда, Н.Оралбай өзінің жетекшілігімен

және ғылыми кеңесшілігімен тіл теориясынан төрт ғылым докторы, 30 ғылым кандидатын дайындады. Ал қазақ тілін оқыту әдістемесінен 11 ғылым докторын, 25 ғылым кандидатын дайындады. Жалпы айтқанда 15 ғылым докторы, 55 ғылым кандидаты. Олар қазір министрліктерде, үлкен қызметтерде, жоғары оқу орындарында проректор, институттарда директор, декан, кафедра меңгерушілері, тіл орталықтарын басқарушылар, профессор, доцент қызметінде жүргендер. Олардың ішінде С.Рахметова, М.Қондыбаева, Қ.Қасабекова, Т.Әбдіғалиева, Т.Әбдікарім, Ф.Оразбаева, Т.Жұмажанова, Р.Шаханова, Қ.Құрманалиев, Ж.Балтабаева, Б.Қасым, А.Омар (Қабдыл), Қ.Жақсылықова, Ж.Сүлейменова, А.Қыдыршаев, К.Мұхамеди, Б.Сағындықұлы, С.Дүйсенова, А.Орынбаев, Г.Серикбаева және т.б.

Н.Оралбай бірнеше монография (5) мен кітап (3) шығаруымен бірге, оқулықтар (7), оқу құралдарын (13), бағдарламалар (8) дайындау ісінде де үлкен табыстарға жеткен.

Жоғары білімді мамандарының сапасын арттыру ісінде студенттерді оқулықтармен, оқу құралдарымен қамтамасыз ету ісінің маңызы зор. Н.Оралбай бұл салада өте өнімді қызмет еткен. Ғалымның жоғары оқу орындары үшін (басқа авторлармен бірге) жазған «Қазақ тілі» оқулығы 1964, 1980, 1993, жылдары үш рет басылып, қазір де қолданылып жүр.

Өзге ұлттарға қазақ тілін оқыту мәселесі күн тәртібіне қойылуымен байланысты (басқа авторлармен бірге) жаңа әдістемемен жазылған оқулығы 1989 жылы жарық көрді. Орыс тілді мектептерге қазақ тілі мамандарын дайындау басталған кезде, ол 1993 жылы студенттерге арнайы «Практикалық қазақ тілі» оқулығын (басқа авторлармен бірге) шығарды. Техникалық училищелердің қазақ бөлімдеріне арналған «Қазақ тілі» оқулығы (А.Әбілақовпен бірге) 1992 жылы жарық көрді. Жоғары оқу орындарында сөзжасам пәні оқытыла басталуымен байланысты «Қазақ тілінің сөзжасамы» оқулығын тұңғыш рет 2002 жылы шығарды. Қазақ тілі тарихында 2 академиялық грамматика саналатын «Қазақ грамматикасы» аталған 100 баспа табақ еңбектің төрттен бірінен артық орын алатын сөзжасам бөлімін басқарып, оның көптеген мәселесін өзі жазды. 2003 жылы «Қазақша үйренеміз» атты түріктерге қазақ тілін оқыту мәселесіне арналған оқулық (А.Орынбаевпен бірге) шығарды.

Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйретуге арналған Н.Оралбайдың еңбегі 2007 жылы жарық көрген 28 баспа табактан тұратын «Қазақ тілі» (басқа автормен бірге) оқулығы қазақ тілі пәнінің мемлекеттік стандартына сай, әдістеменің соңғы жетістіктеріне негізделіп жазылған.

Қазақ тілі мамандарын дайындауда өте қажет оқулықтың бірі – «Қазақ тілінің морфологиясы». Қазақ тіл білімінің аталған саласы бойынша профессор А.Ысқақовтың авторлығымен жазылған оқулық бірнеше рет қайта басылып шығарылған еді. 2007 жылы жарық көрген Н.Оралбайдың «Қазақ тілінің морфологиясы» атты оқулығын қазақ тіл білімінің соңғы 16 жыл ішіндегі ғылыми жетістіктерінің түгел қамтыған, әдістеме ілімінің қазіргі жаңа бағыты бойынша жазылған құнды еңбек деп білеміз.

Бұл оқулықтардың бәрі қазақ тілі мамандарын дайындау ісінде халыққа қазақ тілінен білім беруде, өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту ісінде орасан зор қызмет атқарды. Осы маңызды мәселелерді, ғалымның оқу құралдары мен бағдарламалары атқарды деуге толық болады.

Қорыта келгенде, профессор Н.Оралбай өз өмірін қазақ тіл білімін дамытуға қызмет етумен, ғалым мамандар дайындаумен өткізген.

Ғалымның ғылыми-ұстаздық қызметі, ғылымды дамытудағы, ғалым мамандар дайындаудағы еңбектері Республика Үкіметі тарапынан бағаланып, оған 1960 жылы Қазақ ССР-нің Жоғары Советінің Грамотасы, 1968 жылы Қазақ ССР-нің оқу-ағарту ісінің үздігі атағы, 1987 жылы «Еңбек ардагері» медалі берілді. 1989 жылы «Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері» атағымен марапатталды. 2003 жылы «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қайраткері», 2005 жылы Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының академигі атағы берілді.

Ғалым-ұстаз Нұржамал Оралбай күні бүгінге дейін Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Филология және көптілді білім беру институтының ұжымымен тығыз ғылыми шығармашылық байланыста.

К. Құрманәлиев
филология ғылымдарының
докторы, профессор
Р.Ә.Шаханова
педагогика ғылымдарының
докторы, профессор
З.Ж.Османова
филология ғылымдарының
кандидаты, аға оқытушы

КРАТКАЯ ИНФОРМАЦИЯ О НАУЧНОЙ И ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПРОФЕССОРА НУРЖАМАЛ ОРАЛБАЙ

Профессор Н. Оралбай родилась в семье Оралбая Кошыгулова в 1928 году 15 мая в селе Баянаул Павлодарской области. Нуржамал училась в школах села Майкайын Павлодарской области и города Павлодар. В 1944 году поступила на подготовительные курсы Женского педагогического института и в 1945 году после окончания курсов была зачислена на факультет казахского языка и литературы этого института. После завершения второго курса института, третий курс обучения продолжила в Казахском

педагогическом институте имени Абая, который окончила в 1949 году. В том же году была зачислена в аспирантуру.

В 1956 году под научным руководством профессора Сарсена Аманжолова защитила кандидатскую диссертацию на тему: «История казахской письменности в период после Октябрьской революции». В 1962 году ей было присвоено ученое звание доцента.

С 1952 года по 1975 год работала в качестве преподавателя, старшего преподавателя, в должности доцента профессора в Казахском педагогическом институте имени Абая.

В 1971 году защитила докторскую диссертацию на тему: «Аналитические форманты глагола в казахском языке». В 1972 году Н.Оралбай была присвоена ученая степень доктора филологических наук, а в 1973 году ученое звание профессора языкознания.

В 1975 году по приглашению перевелась в Институт языкознания академии наук, где находилась до 1989 года на должностях старшего научного сотрудника, руководителя, главного научного сотрудника.

В 1989 году вновь была приглашена в Казахский педагогический университет имени Абая на должность заведующей кафедрой казахского языка, которую возглавляла до 1997 года. В – 1990-1991 году работала в должности проректора по учебно – методической работе данного университета.

В 1992-1994 года профессор Н.Оралбай читала лекции о тюркских языках, в частности о грамматическом строении, структуре казахского языка в университете Анкары в Турции.

Диапазон научных изысканий профессора Н.Оралбай необычайно широк и охватывает разные аспекты казахского языкознания. Опираясь на опыт предшественников-казаховедов и творческое наследие мирового языкознания, Н.Оралбай впервые разработала основные теоретические принципы структурно-семантических особенностей словообразования, как одного из базовых для современной тюркской, казахской лингвистики и создала уникальную и перспективную методологию исследования различных аспектов казахского языка и методики его преподавания.

Неоценим научный вклад Нуржамал Оралбай в отечественное языкознание. Ее труды смело можно отнести к наиболее востребованным и полезным публикациям по казахскому языкознанию конца XX и начала XXI веков. Это исследования в области истории письма казахского языкознания, графики, проблемы орфографии, морфологии и словообразования. Ученый наряду с исследованием теоретических проблем казахского языкознания, занималась и вопросами прикладного аспекта языка, вопросами методики языка. Н.Оралбай по праву можно считать универсальным ученым-исследователем, внесшей весомый вклад в научную систематизацию, становление и развитие казахского языкознания на каждом этапе эпохи, а также их реализации в прикладном аспекте языка, внедрения результатов научных изысканий в учебный процесс.

Монографии, учебники, учебные пособия, научные доклады и статьи Н.Оралбай, известного лингвиста и специалиста в области казахского языкознания, лингводидактики, в течение ряда лет возглавлявшую кафедру современного казахского языка и диссертационный совет по защите научных изысканий- докторских и кандидатских диссертаций, оказались не только новаторскими по постановке проблем и эвристическими по методам создания, но и выполняющими одновременно роль многофункционального путеводителя в мир науки.

Профессор Н.Оралбай по праву признана в научном мире и в обществе как универсальный ученый, трудившийся в разных областях казахского языкознания.

Н.Оралбай подготовлено и опубликовано около двухсот научных трудов - научные статьи, монографии, учебные пособия, программы ряда специальностей, которые изданы в ведущих, крупных издательствах страны. Так, научные труды Н.Оралбай вышли в свет не только в крупных издательствах, но и в журналах не только стран СНГ, но и в дальнем зарубежье: в Новосибирске, Ташкенте, Казани, Турции и др.

Н.Оралбай, как признанный ученый-исследователь, всегда выступала с научными докладами на республиканских и международных конференциях, проводимых как в республике, так и за рубежом. Ее выступления на международных форумах, посвященных актуальным проблемам тюркского языкознания в Турецкой Республике (Анкара, Анталья), на Кипре вызвали неподдельный интерес, ее идеи находили сторонников и их поддержку.

Весомый вклад профессор Нуржамал Оралбай внесла в достижение больших научных результатов при исследовании морфологии казахского языка, которые обогатили теорию морфологии научными открытиями. Разрушив «мнение», в какое-то время существовавшее в науке теории о том, что аналитическая форма исследования языка *приемлема и применима* только в исследовании особенностей индоевропейских языков, и ничего не может иметь в отношении к тюркским (казахскому) языкам, Н.Оралбаева сумела научно обосновать и доказать, раскрыв аналитические форманты глаголов, особенности словообразовательной системы казахского языка, что способствовало казахскому языку занять достойное и прочное место в системе тюркских языков и имело огромное значение в становлении и развитии казахского языкознания. Данная теория была признана в науке, вошла в учебники по морфологии. Теория аналитических формантов глагола была всесторонне исследована и далее развита в научных трудах таких исследователей, как С.Маралбаева, А.Шариппиденова, К.Мамадилова, К.Мухамади, К.Бибекова, К.Карымбаева и др.

Сегодня смело можно сказать, что результаты научных трудов Н.Оралбай внесли неоценимый вклад в становление и развитие современного казахского языкознания. По достоинству оценен вклад исследователя Н. Оралбай ученым миром в области языкознания в целом и в казахском языкознании в частности.

Научные достижения Н.Оралбай определили собственный путь развития казахского языкознания. На базе глубоких научных исследований Н.Оралбай доказано наличие собственных грамматических категорий «қимылдың өту сипаты» в казахском языке, раскрывающих семантический и функциональный аспекты языка, его смысловую структуру, указывающих пути передачи категорий и значений слова. Исследования ученого по данной проблеме внесли в теорию казахского языкознания новую грамматическую категорию, ранее неизвестную, которая нашла отражение в учебниках по морфологии (1974-2002г.г.) и полностью утвердилась. С полным правом можно рассматривать это как показатель огромной значимости вклада в науку Н.Оралбаевой в области казахского языкознания.

Одним из крупных открытий, сделанных в науке по казахскому языкознанию Н.Оралбай, является проблема нулевой морфемы и ненулевой формы. Эту новую в науке идею Н.Оралбай впервые выдвинула в своем докладе в 1975 году на Всесоюзной тюркологической конференции перед учеными-исследователями, тюркологами, где нашла горячую поддержку этой идеи.

В монографии «Система морфем казахского языка» (1986 год), проблеме нулевых морфем и нулевой форме» посвящен целый раздел. В этом разделе всесторонне раскрыта сущность и доказана значимость нулевой морфемы и нулевой формы для грамматического строения и семантики слов казахского языка. Эту новую теорию далее развила в своем исследовательском труде докторант ученого Ж.Балтабаева, которая исследовала нулевую форму именительного и винительного падежей. Другой докторант ученого А.Омар (Кабдыл) исследовала функционирование нулевой морфемы в структурной грамматике казахского языка при образовании производного слова.

Результаты всех научных изысканий Н.Оралбай нашли отражение: в монографии «Система строения словообразования современного казахского языка» -1989 г. и в учебнике «Словообразование казахского языка» (2002), предназначенных для высших учебных заведений. Научные идеи Н.Оралбай по проблемам словообразования заняли солидное место в большом труде «Казахская грамматика» - 2002 года, в учебнике «Морфология казахского языка»- 2007 года и в учебном пособии 2017 года.

Не одно важное достижение и успехи профессора Н.Оралбай связаны с проблемами словообразования. Словообразование в качестве самостоятельного раздела языкознания отражено в монографии «Система словообразования современного казахского языка» - 1989 год. Так, начиная с 1990 года, словообразование было введено в учебный план как самостоятельная дисциплина и его преподавание велось во всех высших учебных заведениях при подготовке специалистов казахского языка в качестве самостоятельного раздела казахского языка. В указанной монографии в разделе «Общие проблемы словообразования» научно обоснована и раскрыта специфика словообразовательной системы казахского

языка, внутренние формы языковых единиц, словообразовательные способы формирования, наличие внутренних закономерностей функционирования слов в казахском языке.

